

## ПРЕСС-РЕЛИЗ

### о консолидированных финансовых результатах Группы «Халык» за 2010 год

16 марта

2011 г.

**АО «Народный Банк Казахстана» и его дочерние организации, входящие в «Halyk Group» по итогам 2010 г. получили чистую прибыль в размере 36,2 млрд. тенге. Доля чистой прибыли Банка в банковском секторе страны составила 58.1%\*.**

По сравнению с 2009 годом, консолидированные активы банка выросли на 3,7% до 2 098 млрд. тенге, в том числе ликвидные активы увеличились на 14.6% до 767.9 млрд. тенге. Собственный капитал вырос на 13.1%. Чистый процентный доход составил 43.6 млрд. тенге, комиссионный доход от транзакционного банкинга – 25.1 млрд. тенге.

«Результаты Народного Банка за 2010 год соответствовали положительным изменениям в экономике Казахстана», - сказала Председатель Правления банка Умут Шаяхметова, - «Среди основных достижений я бы хотела выделить значительный рост чистого дохода, улучшение качества кредитного портфеля, частичный возврат государственных средств и изменение международными рейтинговыми агентствами прогноза по Банку на «стабильный».

Народный Банк по-прежнему занимает самые большие рыночные доли по средствам физических лиц (21.6%), текущим счетам физических лиц (34.7%), что подтверждает сохраняющееся доверие к банку со стороны населения.

Банк проводил активную работу в области зарплатных проектов, в результате которой количество обслуживаемых клиентов увеличилось на 3.3 % до 2.1 млн.

Также, значительные результаты были достигнуты в развитии дистанционных каналов продаж, где продукты и услуги, предлагаемые через мобильный банкинг и Интернет банкинг, были расширены и улучшены.

В 2010 году, усилия Банка были направлены на улучшение качества кредитного портфеля, что подтверждается снижением доли неработающих займов с просрочкой платежа свыше 30 дней до 18.0% на 31 декабря 2010 года с 19.0% на 31 декабря 2009 года.

Банк продолжает уделять особое внимание реализации государственных антикризисных программ, лидирует по количеству рассмотренных и одобренных заявок в рамках проекта «Дорожная карта бизнеса 2020» в рамках третьего направления «Поддержка экспортоориентированных производств».

В рамках реализации программы «Дорожная карта бизнеса 2020» по трем основным направлениям: поддержке новых бизнес - инициатив, оздоровлению предпринимательского сектора, поддержке экспортоориентированных производств по состоянию на 31.12.2010 г. в Народный банк всего поступило 117 заявок на сумму 68 млрд. 613 млн. тенге.

По первому направлению принято к рассмотрению - 37 заявок на общую сумму 7 785 млн.тенге, второму - 67 заявок на общую сумму 46 402 млн.тенге, третьему - 13 заявок на общую сумму 14 424 млн.тенге. Банком одобрено 97 заявок на общую сумму 61 119 млн. тенге, Министерством экономического развития и торговли одобрено 50 заявок на общую сумму 21 934 млн. тенге.

Успешное участие Народного Банка в реализации государственных программ было отмечено специальным дипломом Правительства РК в номинации «Лучшее предприятие, оказывающее услуги» за вклад в развитие отечественной экономики, поддержку малого, среднего и крупного бизнеса.

\* не считая БТА, Альянс Банка и Темир Банка, а также банки с отрицательным доходом

В 2010 году одним из главных событий стал досрочный возврат Банком государственных средств. Устойчивое финансовое состояние и высокий уровень ликвидности позволили Банку вернуть Фонду национального благосостояния (ФНБ) «Самрук-Казына» депозит на сумму 60 млрд. тенге, выделенный на поддержку корпоративного бизнеса, а также погасить заем от Фонда развития предпринимательства (ФРП) «Даму» на сумму 11.7 млрд. тенге, предоставленный для поддержки МСБ. Возврат этих средств не сказался на условиях действующих займов. Банк также погасил субординированные облигации, выпущенные на внутреннем рынке (по 5 млрд. тенге в июне и в ноябре).

В течение 2010 года Банк продолжал вкладываться в развитие своей филиальной сети и обеспечение материально-технической базы. С начала 2010 года были завершены строительство и ввод в эксплуатацию административных зданий Талдыкорганского регионального и Восточно-Казахстанского областного филиалов, а также реконструкция 30 региональных объектов. Среди них два Центра персонального сервиса в Алматинском областном филиале, 8 отделений Банка в Алматы, Астане, Восточно-Казахстанской, Карагандинской и Мангистауской областях, 20 районных управлений в Жезказгане, Талдыкоргане, Кызылординской, Северо-Казахстанской, Мангистауской, Павлодарской, Акмолинской и Южно-Казахстанской областях. Было начато строительство новых зданий в Кызылорде и Костанае.

В 2010 году, благодаря реализованной программе «Года качества обслуживания клиентов в АО «Народный Банк Казахстана», средний уровень сервиса в подразделениях Народного банка в г. Алматы значительно вырос. По результатам отраслевого исследования компании «Розница.kz» по качеству обслуживания в банках г. Алматы в 2010 году Народный банк Казахстана вышел на первое место.

Эффективная деятельность Банка в 2010 году была подтверждена признанием со стороны авторитетных международных деловых изданий. Издание Euromoney третий год подряд назвало Народный Банк «Лучшим банком в Казахстане», издательства Global Finance и Emeafinance присудили награды «Лучший банк в Казахстане в 2010 году». В ноябре 2010 года по версии международного издания BusinessNewEurope Народный Банк признан «Лучшим банком в СНГ».

В 2010 году Банк провел ряд подготовительных мероприятий, в результате которых, в январе 2011 года, впервые с начала глобального финансового кризиса, Народный банк открыл международный рынок капитала, выпустив еврооблигации на сумму 500 млн. долларов США и сроком погашения 10 лет.

Финансовая группа Народного банка по-прежнему остается универсальной, коммерческой, диверсифицированной группой, присутствующей во всех регионах Казахстана, объединяющей 13 дочерних компаний. Компании группы предлагают широкий спектр финансовых услуг (банковские услуги, пенсионные накопления, страхование, лизинг, брокерско-дилерские услуги, услуги по управлению активами) населению, представителям малого и среднего бизнеса, корпоративным клиентам.

\*\*\*

*АО «Народный Банк Казахстана» является лидирующим банком республики с наибольшим числом клиентов и самой крупной филиальной сетью. Банк входит в финансовую группу «Halyk Group», которая объединяет 13 дочерних компаний. Компании группы предлагают широкий спектр услуг населению (банковские услуги, пенсионные накопления, страхование, лизинг, брокерско-дилерские услуги, услуги по управлению активами), представителям малого и среднего бизнеса, корпоративным клиентам. Народный банк также осуществляет свои операции в России, Грузии и Кыргызстане.*

*АО «Народный Банк Казахстана» присвоены следующие рейтинги от международных рейтинговых агентств: Moody's Investors Service (Ba2), Fitch Ratings (B+) и Standard&Poor's (B+).*

## **Пресс-служба**

**АО «Народный банк Казахстана»**

**тел. +7 727 2 590 816,**

**[www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)**



## *Баспасөз релизі*

*ТАРАТУ ҮШІН*

### **«Халық» тобының 2010 жылғы қызметінің біріктірілген қаржылық нәтижелері туралы**

*2011 жылғы 16 наурыз*

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен оның «Halyk Group» қаржылық тобына кіретін еншілес ұйымдары (бұдан әрі - «Банк») 2010 жылдың нәтижесі бойынша 36,2 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды. Еліміздің банк секторындағы Банктің тапқан таза пайдасының үлесі 58,1 пайызды құрады\*.**

2009 қаржылық жылмен салыстырғанда, Банктің біріктірілген активтерінің көлемі 3,7 пайызға артып, 2 098 млрд. теңгені құрады, оның ішінде өтімді активтердің ауқымы 14,6 пайызға дейін ұлғайтылып, 767,9 млрд теңгеге жетті. Транзакциялық банкингтен түскен комиссиялық табыс көлемі 25,1 млрд. теңгені құрады.

- Халық Банкінің 2010 жылғы қаржылық нәтижелері Қазақстан экономикасында байқалған оң өзгерістерге сай келеді. Жылдық қорытынды бойынша қол жеткізілген негізгі жетістіктердің ішінде, әсіресе, таза табыстың өсімін, кредиттік портфель сапасының айтарлықтай жақсартылуын, мемлекеттік қаржының ішінара қайтарылуын және халықаралық рейтинг агенттіктерінің Банк рейтингін «тұрлаулы» деңгейге дейін өзгертуін атап өтуге болады,- деп атап өтті Банк Басқармасының төрағасы Үміт Шаяхметова өз сөзінде.

Халық Банкі еліміздің қаржы нарығында бұрынғысынша жеке тұлғалардың депозиттері (21,6 %) мен ағымдағы шоттары (34,7 %) бойынша ауқымды үлесті иемденіп отыр, мұның өзі клиенттердің, жалпы халықтың Банкке артатын жоғары сенімінің көрінісі болса керек.

Банк жалақылық жобалар саласы бойынша жыл бойы белсенді жұмыс жүргізді, осының нәтижесінде Банк қызметін пайдаланушы клиенттер саны 3,3 пайызға өсіп, 2,1 млн-ға жетті. Сондай-ақ қашықтықтан өнім сату арналарын дамыту біршама жандандырылып, Интернет банкинг пен мобильдік банкинг арқылы ұсынылатын өнімдер ауқымы барынша кеңейтілді.

Ең бастысы, 2010 жылы Банк кредит портфелінің сапасын жақсарту бағытында айтарлықтай жұмыс жүргізді, нәтижесінде Банктегі төлем уақыты 30 күннен асатын мерзімге кешіктірілген, «жұмыс істемей тұрған» заемдардың үлесі 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 19 пайызды құраған болса, 2010 жылдың 31 желтоқсанында 18 пайызға төмендетілді.

Банк қаржылық дағдарысқа қарсы үкіметтік шара ретінде қолға алынған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға баса көңіл бөледі. «Бизнестің жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысындағы «Экспортқа бағдарланған өндіріске қолдау жасау» жобасы шеңберінде қарастырылған және мақұлданған өтінімдер саны бойынша Халық Банкі жетекші орынды иеленіп отыр.

\* БТА, Альянс-Банк, Темір-Банк және табыс көрсеткіші теріс мәнді болған банктерден басқасы

Негізінен үш бағытта, атап айтқанда, жаңа бизнестік бастамаларға қолдау жасау, кәсіпкерлік секторды сауықтыру, экспортқа бағдарланған өндіріске қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылатын

«Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасы бойынша 31.12.2010 ж. жағдайға сәйкес Халық Банкіне жалпы сомасы 68 млрд. 613 млн. теңгені құрайтын 117 өтінім келіп түсті.

Оның ішінде бірінші бағыт бойынша жалпы сомасы 7 785 млн. теңгені құрайтын 37 жобалық өтінім, екінші бағыт бойынша - жалпы сомасы 46 402 млн. теңгені құрайтын 67 өтінім, ал үшінші бағыт бойынша - жалпы сомасы 14 424 млн. теңгені құрайтын 13 өтінім қарастыру үшін қабылданды. Банк тарапынан жалпы сомасы 61 119 млн. теңгені құрайтын 97 жобалық өтінім мақұлданды, ал жалпы сомасы 21 934 млн. теңгені құрайтын 50 өтінім Экономикалық даму және сауда министрлігі тарапынан мақұлданды.

Республика Үкіметінің экономиканы тұрақтандыру бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді ат салысып, отандық экономиканы дамытуға, еліміздегі шағын, орта және ірі бизнеске қолдау көрсетуге қосқан үлесі үшін Халық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қызмет көрсетуші үздік кәсіпорын» деген номинация бойынша арнаулы дипломымен марапатталды.

2010 жылғы Банк өміріндегі елеулі оқиғаның бірі - мемлекет қаражатын мерзімінен бұрын қайтаруға қол жеткізуі болды. Өзінің тұрақты қаржылық жағдайы мен жоғары қаржылық өтімділік деңгейінің арқасында Банк «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының корпоративтік бизнеске қолдау жасау мақсатында бөлген 60 миллиард теңге сомасындағы депозитін, сондай-ақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан Шағын және орта бизнеске (ШОБ) қолдау көрсету үшін берілген 11,7 млрд. теңге сомасындағы заемды мерзімінен бұрын қайтаруға мүмкіндік алды. Мұндай көлемдегі қаржының қайтарылуы Банктегі әрекет етуші заемдар жағдайына әсер еткен жоқ. Мұның сыртында Банк 2010 жылдың маусым және қараша айларында жалпы сомасы 5 млрд теңгені құрайтын жергілікті нарыққа шығарылған субординирленген облигациялар бойынша өтеу жүргізді.

Өткен 2010 жылдың ішінде Банк өзінің өңірлердегі филиалдар желісін одан әрі дамытуға және материалдық-техникалық базасын нығайтуға барынша назар аударып отырды. Жыл басынан бері Өскемен және Талдықорған қалаларында Банктің әкімшілік-кеңселік жаңа ғимараттары бой көтерді, сондай-ақ 30 өңірлік объектінің құрылысы қайта жаңғыртылды, оның ішінде Алматы облыстық филиалының екі Дербес сервис орталығы, Алматы мен Астана қалаларындағы және Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау облыстары бойынша 8 бөлімше, сондай-ақ Жезқазған, Талдықорған қалаларындағы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар, Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы 20 аудандық басқармасында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Қызылорда мен Қостанай қалаларында облыстық филиалдардың жаңа ғимараттарының құрылысы қолға алынды.

2010 жыл барысында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да клиентке қызмет көрсету сапасы бойынша қолға алынған арнаулы бағдарламаның арқасында Халық Банкінің Алматы қаласындағы бөлімшелеріндегі сервис деңгейі едәуір арттырылды, қала банктеріндегі қызмет көрсетудің сапасына «Розница.KZ» салалық компаниясы жүргізген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 2010 жылы Қазақстан Халық Банкі қызмет сапасы бойынша бірінші орынға шықты.

2010 жылы Банктің тиімді қаржылық қызметі халықаралық беделді іскерлік және қаржылық басылымдар назарынан тыс қалмай, бірнеше мәрте түрлі дәрежедегі марапатпен аталып өтті: «Euromoney» журналы үшінші жыл қатарынан Халық банкіні «Қазақстандағы үздік банк» деп таныды, «Global Finance» және «Eneafinance» танымал ірі баспалар Халық Банкіне «Қазақстандағы 2010 жылғы үздік банк» деген мәртебе берсе, «The Asian Banker» журналы Банкке «Қазақстандағы 2010 жылғы үздік бөлшек қызмет көрсетуші банк» деген баға берді, қараша айында «BusinessNewEurope» (BNE) іскерлік

журналы Қазақстан Халық Банкін ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы) елдері ішіндегі Үздік банк деп таныды.

Өткен жыл ішінде жүргізілген бірқатар әзірлік шараларының нәтижесінде Банк 2011 жылдың қаңтар айында жаһандық қаржылық дағдарыс басталған кезеңде алғаш рет сомасы 500 млн. АҚШ долларын құрайтын 10 жылдық өтеу мерзімімен еврооблигациялар шығарып, халықаралық капитал нарығын қайта ашуға қол жеткізді.

\* \* \*

*Халық банкінің қаржылық тобы өз қызметін бұрынғысынан Қазақстан аумағының барлық өңірін қамти отырып, 13 еншілес компанияның басын біріктіретін әрі қызметі барынша сараланған әмбебап қаржылық топ ретінде жүргізе береді. Клиенттерінің саны мен республикамыз бойынша кеңейтілген филиалдар желісі жағынан Банк еліміздің қаржы нарығындағы жетекші банк болып табылады.*

*Қаржылық топтың компаниялары халыққа, оның ішінде жалпы тұрғындарға және шағын және орта бизнес өкілдеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге алуан түрлі қаржылық қызмет ауқымын (банктік қызметтер, зейнетақылық жинақ, сақтандыру қызметі, лизинг (жалға беру), брокерлік-дилерлік қызмет, активтерді басқару қызметі) ұсына алады, сондай-ақ Халық Банкі өзінің Ресейдегі, Грузиядағы және Қырғызстандағы еншілес мекемелері арқылы да банктік операцияларды жүзеге асырады.*

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на Moody's Investor Service (Ba2), Fitch Ratings (B+) және Standard&Poor's (B+) халықаралық ірі рейтинг агенттіктерінен тиісті рейтингтер берілген.*

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**  
**Баспасөз қызметі**  
**тел. +7 727 2 590 816,**  
**[www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)**